

# Қазақтың намысты Қайсары



Қазақ елінің Тәуелсіздігінің отыз жылдық мерейтойына Жаңаарқа жұртшылығының да қосқан үлесі ұшаң теңіз. Бүгінгі Жаңаарқа аудандық Сәкен Сейфуллин атындағы кітапханасының Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің ұйымдастыруымен ҚР Құрметті азаматы, ҚР Ұлттық спорт үздігі, ҚР тұңғыш жеті қазынаны толық дәріптеуші,

ұлттық спорт жанашыры, облыстық ұлттық спорт федерациясының президенті қазақтың жеті қазынасын дәріптеп, кейінгі жастарға үлгі – өнеге беріп жүрген Сейпішов Қайсар Амангелдіұлымен кездесу кеші өтті.

Жердің сәні – жеміс, өнім, дақлы,

Адам сәні – өнер, білім, ақылы,

Сөздің сәні – ойландырған мақұлы,

дегендей, кейіпкеріміз жастарға бабалардың жақсы салт – дәстүрін дәріптеп, қазақтың жеті қазынасының бірі жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы, берен мылтық екенін жастарға үлгі қылып көрсете білді. Кездесу барысында Қайсар ағаларына жас жеткіншек оқырмандар, оқушылар арасынан сауалдар да қойылды. Кеш аясында үкілі Ыбырайдың аңшының әнін ауданымыздың мәдениет қызметкері Қызыров Балтабай орындады.

“Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы, жігіттік оған құмар өнерпазы”, – деп ән шумақтары жас оқырмандардың жүрегін баурай жөнелді. Кездесу кеш Ұлыстың ұлы күні - Наурызбен тұспа тұс келіп, қасиетті қазақтың жеті қазынасы дәріптелді. Қазақтың ұлы даласы тек қана бар байлығын келер ұрпаққа үлгі қылып бере берсін. Келген наурыз құт – береке әкелсін!

**Әсем Уахитқызы,**

**С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханасының  
Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы**